

Математикалық көкпар

сайыс

1 – кезең.

“Ширату сәті” (Кім көп біледі?)

2 – кезең.

“Тартыс Көкпар алу” (Сиқырлы
текше)

3 – кезең.

“Қамшы тастау” (Халық есептері)

4 – кезең.

“ ” (Фигуралар сөйлейді)

1 – кезең. “Кім көп біледі?”

1. Қандай ыдыстан тамақ ішпейді?
2. Бес жарым таяқтың неше ұшы бар?
3. Кім барлық тілде сөйлейді?
4. Ұшталмаған алты қырлы қарындаштың неше жағы бар?
5. Оңынан да солынан да оқығанда аты өзгермейтін сан.
6. “Математика – ғылымдар патшасы, ал арифметика – математика патшасы” сөзінің авторы кім?
7. Екі адамның бірі ылғи жалған, екіншісі ылғи шын айтады. Екеуі бірдей жауап беру үшін оларға қандай сұрақ қою керек?
8. Әлібек 1 айда 7 қызықты ертегі оқиды. Осы қарқынмен 1 жылда қанша кітап оқиды?



1 – кезең. “Кім көп біледі?”

- Алманың жартысы неге ұқсайды?
- 100 жыл неге тең?
- Үш бөлікке бөлу үшін нанды неше рет кесу керек?
- Егер екі кірпіштің салмағы 8 кг болса, 1,5 кірпіштің салмағы қанша?
- Үш түрлі мағына беретін сан
- “Математика ойды ретке келтіріп, тәртіпке салатын ғылым” сөзінің авторы кім?
- 6м бөренені 5 рет кесіп тең бөліктерге бөлу керек. Әр бөліктің ұзындығы қандай?
- Бес адам кездесіп қалып, бір-бірімен қол алысты. Барлық қол алысу саны қанша?



2 – кезең.

“Сиқырлы текше”



3 – кезең.

“Халық есептері”

ТҮЙЕ БӨЛІСУ

ТАБАДАҒЫ САМСАЛАР

КЕМПІР МЕН ҰРЫ



Түйе бөлісу

Бір қарияның үш ұлы, 17 түйесі болыпты.

Қария дүниеден өтерде «үлкен ұлым түйелердің тең жарымын, ортаншы ұлым үштен бірін, сүт кенжем тоғыздан бірін алсын»- деп артына өсиет қалдырса керек. Ұлдары сол өсиетке сәйкес әке мұрасын бөліске салады. Бірақ 17 түйе екіге де, үшке де, тоғызға да бөлінбейтін болып шығады. Бастары әбден қатқан үш жігіт данышпанға барып ақыл сұрайды.

Данышпанның өзінде бір түйе болады.

Данышпан түйелерді өсиетте айтылғандай етіп бөліп береді. Сонда қалай бөлді екен?

Шешуі.

Данышпан 17 түйеге өз түйесін қосады.

Сонда 18 болады. Бұдан соң өсиетте айтылғандай ағайындылардың үлкені үйірдің **тең жарымына-9 түйеге**, ортаншысы үйірдің **үштен біріне- 6 түйеге**,

кенжесі үйірдің **тоғыздан біріне -2 түйеге** ие болады. Бөліс аяқталған соң данышпан өз түйесін қайтарып алады.

$$\odot 9+6+2+1=18$$



Табадағы самсалар

- Табаға бір ретте тек екі самса салуға болады. Самсаның бір жағының пісуіне 1 минут, екінші жағына 1 минут, жиыны екі минут уақыт жетеді. Үш самсаны үш минутта қалай пісіруге болады?

Шешуі.

Табаға екі самса сиятын болғандықтан

1-минутта бірінші, екінші самсаның бір жағын пісіру;

2-минутта табадан бірінші самсаны алып қоя тұрып, екіншісін аударып, үшіншісін салып пісіру;

3-минутта толық екі жағыда піскен екінші самсаны алып тастап, үшінші самса мен алып қойған бірінші самсаның екінші жағын пісіру



4 – кезең.


“Фигуралар сөйлейді”

<i>“Намыс” тобы</i>	<i>1</i>	<i>2</i>
<i>“Жігер” тобы</i>	<i>1</i>	<i>2</i>



Әкем жәшік құрады,
Үш өлшемнен тұрады.

параллелепипед



Басқа кисем бөрік,
Сәнді сұлу көрік.

конус



Ұн елесен елек,
Су тасысаң шелек.

цилиндр




Египетте қаланған,
Пифагордан нәр алған .


пирамида



Таңдау командасын жаз




Потенциалдық энергияның формуласы



$$(a\mathcal{V})^n =$$



$$(a + b)^3 = a^3 + 3a^2b$$



Елеуішпен су әкелуге бола ма?



**Үш ат жегілген шана 1 сағатта 15 км
жүріп өткен. Әр аттың
жылдамдығы қандай?**



Шелек ішіндегі суды ішіп қойса,
шелек ішінде не қалады?



Бес адам кездесіп қалып, бір-бірімен
қол алысты. Барлық қол алысу саны
қанша?



Бес бірдің көмегімен 100 санын
шығару керек.

$$1\ 1\ 1\ 1\ 1 = 100$$



*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*

